

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1010 тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 25 шілдедегі N 255 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 3 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2470. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен.

*Ескерту: Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 106 қаулысымен.*

---

Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүргізу тәртібін реттейтін заңдарды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1010 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан Ұлттық Банкінің Хабаршысы" және "Вестник Национального Банка Казахстана" басылымдарында 1999 жылғы 20-31 желтоқсанда жарияланған, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгеріс пен толықтыруды бекіту туралы" 2000 жылғы 24 тамыздағы N 330 , "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы" 2000 жылғы 30 қазандағы N 401 , "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N

400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа толықтырулар мен өзгерістерді бекіту туралы" 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 111 , " Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы N 400 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 1 желтоқсандағы N 478 қаулыларымен бекітілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру туралы нұсқаулықта (бұдан әрі - Нұсқаулық):

барлық мәтін бойынша "почта байланысының уәкілетті ұйымдары", "почта байланысының уәкілетті ұйымдарының", "почта байланысының уәкілетті ұйымдарына", "почта байланысының ұйымдары", "почта байланысының ұйымдарына" деген сөздер тиісінше "почта байланысының уәкілетті ұйымы", "почта байланысының уәкілетті ұйымының", "почта байланысының уәкілетті ұйымына" деген сөздермен ауыстырылсын;

#### 1 - т а р м а қ т ы ң :

4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) Почта байланысының уәкілетті ұйымы - қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар Ұлттық почта операторы;"

мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) Мемлекеттік тізілім - Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға рұқсат етілген фискальды жады бар бақылау-касса машиналарының мемлекеттік тізілімі.":

#### 6 - т а р м а қ т а :

"уәкілетті банктердің", "уәкілетті банкке", "Уәкілетті банктер" деген сөздерден кейін тиісінше "(олардың филиалдарының)", "(оның филиалына)", "(олардың филиалдары)" деген сөздермен толықтырылсын;

"үш" деген сөз "бес" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тармақпен толықтырылсын:

"7-1. Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункті банк, уәкілетті кредиттік серіктестік, почта байланысының уәкілетті ұйымы орналасқан немесе олардың филиалдары бар әкімшілік-аумақтық бірлік (облыс) шегінде ғана құрылады.

Айырбастау пункттері жабылған кезде уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы он бес жұмыс күні ішінде

Ұлттық Банктің филиалына оның жабылғаны туралы бұйрықтың көшірмесін қоса бере отырып хабарлайды және тіркеу куәліктерінің түпнұсқаларын қ а й т а р а д ы .

Уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункті уақытша жұмыс істемеген жағдайда тіркеу куәлігі қайтарылмайды. Бұл орайда айырбастау пункттерінің жұмыс істемеу кезеңі қатарынан үш айдан аспауы тиіс.";

10-тармақтың екінші абзацында:  
б і р і н ш і с ө й л е м і н д е :

"үй-жайынан" деген сөзден кейін "және құрал-жабдығынан (ақша белгілерінің түпнұсқалылығын анықтауға арналған техникалық құралдар, металл шкафтар, фискальды жады бар бақылау-касса машиналары (оларға қажеттілік болғанда), күзет және өрт дабылы құралдары, айырбастау пунктінде қаруланған күзет болмаған кезде шұғыл дабыл құралдары)" деген сөздермен толықтырылсын ;

"үй-жайының" деген сөзден кейін "және құрал-жабдығының" деген сөздермен толықтырылсын;

11-тармақтағы "үй-жайлары" деген сөзден кейін "және құрал-жабдықтары" деген сөздермен толықтырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

бірінші сөйлемнің мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "және айырбастау пунктінің үй-жайының" деген сөздер ", айырбастау пункті үй-жайының және құрал-жабдығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемнің мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "және айырбастау пунктінің үй-жайына" деген сөздер ", сондай-ақ айырбастау пунктінің үй-жайына және құрал-жабдығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

16-тармақтағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "және үй-жайының" деген сөздер ", үй-жайының және құрал-жабдығының" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерін:

1) уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің, почта байланысының уәкілетті ұйымының айырбастау пунктін ашуға берілген тіркеу куәлігінде көрсетілген көшелердің атаулары, үйлердің нөмірлері және басқа да деректер ө з г е р г е н к е з д е ;

2) шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға жаңа л и ц е н з и я а л ғ а н к е з д е ;

3) уәкілетті банктің, уәкілетті кредиттік серіктестіктің үй-жайынан тыс

орналасқан айырбастау пунктiнiң, сондай-ақ айырбастау пунктiнiң мекен-жайының өзгеруi әсерiн тигiзбейтiн почта байланысының уәкiлеттi ұйымының айырбастау пунктiнiң (орналасқан жерiне қарамастан) орны ауысқан кезде айырбастау пункттерiн қайта тiркейдi.

Уәкiлеттi банк, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiк, почта байланысының уәкiлеттi ұйымы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға жаңа лицензия алған кезде айырбастау пунктiн қайта тiркеу үшiн оның көшiрмесiн отыз күнтiзбелiк күн iшiнде Ұлттық Банктің филиалына ұсынады.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Айырбастау пункттерiн қайта тiркеу осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, заңды тұлғаның айырбастау пунктiнiң үй-жайына және құрал-жабдықтарына тексеру жүргiзбей-ақ және iс қағаздарында бар құжаттарды қайта ұсынбай оның өтiнiшi негiзiнде айырбастау пункттерiн тiркеу үшiн осы Нұсқаулықта көзделген тәртiппен жүзеге асырылады .

Айырбастау пункттерiн қайта тiркеу осы Нұсқаулықтың 17-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайда, айырбастау пунктiнiң үй-жайын және құрал-жабдықтарын тексеру актiсi және осы Нұсқаулықтың 13 және 14-тармақтарында көзделген құжаттар негiзiнде айырбастау пункттерiн тiркеу үшiн заңды тұлғаның өтiнiшi негiзiнде осы Нұсқаулықта көзделген тәртiппен жүзеге асырылады .

Ұлттық Банктің филиалы уәкiлеттi банктің, уәкiлеттi кредиттiк серiктестiктің, почта байланысының уәкiлеттi ұйымының айырбастау пункттерiн қайта тiркегенде, жаңа тiркеу куәлiгiнiң нақты берiлген күнiн көрсете отырып, айырбастау пунктiнiң тiркелгенi туралы бұрынғы куәлiктегi нөмiрмен тiркелгенi туралы куәлiктi бередi.";

32-тармақтың бiрiншi және төртiншi абзацтарының мемлекеттiк тiлдегi мәтiндегi "мен айырбастау пунктiнiң үй-жайлары" деген сөздер ", айырбастау пунктiнiң үй-жайы және құрал-жабдығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

36-тармақтың екiншi абзацының мемлекеттiк тiлдегi мәтiндегi "мен айырбастау пунктiнiң үй-жайы" деген сөздер ", айырбастау пунктiнiң үй-жайы және құрал-жабдығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

40-тармақтың алтыншы абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын :

"Егер көрсетiлген өзгерiстер мен толықтырулар жарғылық капиталды ұлғайтуға қатысты болса, онда сондай-ақ уәкiлеттi банктен жарғылық капиталдың сомасын банктегi есеп айырысу шоты арқылы толықтыру туралы анықтамасын ұсыну қажет.";

44-тармақтың мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "мен айырбастау пунктінің үй-жайының", сондай-ақ "мен айырбастау пунктінің үй-жайы" деген сөздер тиісінше ", айырбастау пунктінің үй-жайының және құрал-жабдығының", ", айырбастау пунктінің үй-жайы және құрал-жабдығы" деген сөздермен ауыстырылсын;

#### 4 6 - т а р м а қ т а :

үшінші абзацта мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "кезде" деген сөзден кейін "осы Нұсқаулықта көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

төртінші абзац алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 46-1 және 46-2-тармақтармен толықтырылсын:

"46-1. Уәкілетті ұйымның айырбастау пунктінің орнын ауыстыру айырбастау пунктінің мекен-жайын өзгертуге әкеп соқпайтын жағдайда, уәкілетті ұйым он жұмыс күні ішінде бұл туралы Ұлттық Банктің филиалына хабарлай отырып, осы Нұсқаулықтың 43-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса береді.

Ұлттық Банктің филиалы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың, айырбастау пункті үй-жайының және құрал-жабдығының осы Нұсқаулықтағы талаптарға сәйкестігін тексереді. Үй-жайды және құрал-жабдықты тексеру нәтижелері бойынша тексеру актісі ж а с а л а д ы .

Айырбастау пунктінің құжаттары, үй-жайы және құрал-жабдығы осы Нұсқаулықтағы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда Ұлттық Банктің филиалы айырбастау пунктін қайта тіркеуден бас тартуға құқылы.

46-2. Уәкілетті ұйым ерікті таратылғанда не қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру жөніндегі қызметтен бас тартқан жағдайда, уәкілетті ұйым жеті күннің ішінде қабылданған шешім туралы Ұлттық Банктің филиалына өзіне тиесілі айырбастау пункттері лицензияларының түпнұсқаларын және тіркеу куәліктерін қоса бере отырып хабарлайды.

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген ерікті түрде қайтарылған лицензиялардың қолданылуын тоқтату Ұлттық Банктің филиалында филиал директорының не оның орнындағы адамның бұйрығымен ресімделеді.";

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"55. Уәкілетті кредиттік серіктестіктердің айырбастау пункттерінде, уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттерінде, банк үйінен тыс орналасқан уәкілетті банктердің айырбастау пункттерінде, почта байланысы уәкілетті ұйымының үйінен тыс орналасқан почта байланысы уәкілетті ұйымының айырбастау пункттерінде қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ғана жүргізуге р ұ қ с а т е ті л е ді .

Қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын және банк заңдарына сәйкес кассаларда өткізілетін өзге де банк операцияларын Мемлекеттік тізілімде тіркелген және уәкілетті банктердің (олардың филиалдарының және есеп айырысу-касса бөлімдерінің) үйлерінде, сондай-ақ почта байланысының уәкілетті ұйымының (оның филиалдарының) үйлерінде орналасқан банктік компьютерлік жүйені пайдалана отырып айырбастау операцияларын жүзеге асыратын айырбастау пункттерінің кассалық үйлерінде бір мезгілде жүргізуге рұқсат етіледі.";

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"57. Айырбастау пункттері бағамдар белгілеу туралы жазбаша өкім негізінде белгіленген сатып алу, сату бағамдарына және кросс бағамына сәйкес қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау операцияларын жүргізеді. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бағамдары айырбастау пунктінің жұмыс уақыты ішінде өзгеруі мүмкін. Бағамның әрбір өзгеруі өзгертілген бағамдардың қолданылу уақыты көрсетіле отырып, жазбаша өкіммен бекітілуге тиіс.

Бір уәкілетті банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның әр түрлі айырбастау пункттерінде әр түрлі бағамдар белгілеуге рұқсат етіледі.

Сатып алу, сату және кросс бағамдарын белгілеу туралы өкімді күн сайын уәкілетті банктің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымның басшысы немесе басшының бұйрығымен осындай өкілеттіктер берілген лауазымды адам шығарады. Өкімді белгіленген бағамдардың қолданылу кезеңін (бірнеше күнді және/немесе бір күн ішіндегі уақыт кезеңін) көрсете отырып шығаруға рұқсат етіледі.

Жазбаша өкім екі данада ресімделеді, оның біреуі айырбастау пунктіне жіберіледі, екіншісі - уәкілетті банкте, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымда қалады.

Уәкілетті банктер және почта байланысының уәкілетті ұйымы банктік компьютерлік жүйе шеңберіндегі өкімдерді айырбастау пункттеріне орталықтандырылған түрде жеткізуді көздейтін Мемлекеттік тізілімде тіркелген банктік компьютерлік жүйені пайдаланған жағдайда, бағамдарды белгілеу туралы жазбаша өкім бір данада шығарылады.";

59-тармақтағы ", осы Нұсқаулықтың 64-тармағында көзделген жағдайларда болмаса" деген сөздер алынып тасталсын;

62-тармақтың он бесінші абзацында "Ұлттық Банктің ресми бағамына" деген сөздер "рыноктық бағамға" деген сөздермен ауыстырылсын;

69 - т а р м а қ т а ғ ы :

бірінші абзацтағы "Олар бүлінген, зақымданған немесе жойылған жағдайда"

деген сөздер алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйым анықтама-сертификаттар бланктерінің бүліну, зақымдану немесе жойылу фактілері туралы ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың жиырмамына дейінгі мерзімде Ұлттық Банк өкілінің қатысуымен акт жасау үшін Ұлттық Банктің филиалына хабарлайды.";

69-1-тармақтың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

74 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті банктер (олардың филиалдары), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын уәкілетті ұйымдар ай сайын Ұлттық Банктің филиалына Ұлттық Банктің банктік есепті ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген мерзімдер және нысандар бойынша шетел валютасын сатып алу және сату көлемдері туралы есепті ұсынады." ;

екінші абзац алынып тасталсын;

76-тармақтағы "статистикалық" деген сөз алынып тасталсын;

78-тармақтың 2) тармақшасы алынып тасталсын;

87-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"87. Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымның айырбастау пунктiнiң осы Нұсқаулықтағы нормаларды бұзуы анықталған жағдайда, олардың бұзылу түрiне байланысты :

- 1) анықталған бұзушылықты жою үшін белгiлi бiр мерзiмдi белгiлеуге;
- 2) алдағы уақытта осы Нұсқаулықтың нормаларын бұзуға жол бермеу туралы жазбаша ескерту жасауға;
- 3) айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiнiң қолданылуын үш айға дейiнгi мерзiмге тоқтатып қоюға;
- 4) айырбастау пунктiнiң тiркеу куәлiгiн қайтарып алуға;
- 5) лицензияның қолданылу мерзiмiн алты айға дейiн тоқтатып қоюға;
- 6) Ұлттық Банктің орталық аппаратымен алдын ала келiсiлгеннен кейiн лицензияны қайтарып алуға құқылы.

Осы Нұсқаулықтағы нормалардың бұзылуы себептi айырбастау пункттерiн ашуға берiлген тiркеу куәлiктерiн қайтарып алу айырбастау пунктiн ашуға берiлген тiркеу куәлiгi қайтарып алынған күннен бастап бiр жыл бойы сол ұйымның осы мекен-жай бойынша айырбастау пунктiн ашуына тыйым салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 87-3 және 87-4 тармақтарымен толықтырылсын:

"87-3. Уәкілетті ұйымның бір айырбастау пунктi болған жағдайда және ол бiр

ай бойы жұмыс істемеген жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымға тапсырыс хат арқылы айырбастау операцияларын жүргізу бойынша қызметті жаңғырту қажеттігі туралы ескертпе-хат жібереді.

Уәкілетті ұйымның осындай айырбастау пункті қатарынан үш ай бойы жұмыс істемесе, Ұлттық Банктің филиалы осы айырбастау пунктінің тіркеу куәлігін қайтарып алады.

Егер уәкілетті ұйым осындай айырбастау пунктінің тіркеу куәлігі қайтарып алынған күннен бастап үш ай ішінде жаңа айырбастау пунктін ашпаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны қайтарып алады.

87-4. Уәкілетті ұйымның бірнеше айырбастау пункті болған жағдайда және оның біреуі (бірнешеуі) ай бойы жұмыс істемеген жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы уәкілетті ұйымға тапсырыс хат арқылы айырбастау операцияларын жүргізу бойынша қызметті жаңғырту қажеттігі туралы ескертпе-хат жібереді.

Уәкілетті ұйымның осындай айырбастау пункттері қатарынан үш ай бойы жұмыс істемесе, Ұлттық Банктің филиалы осы айырбастау пункттерінің тіркеу куәліктерін қайтарып алады.

Егер уәкілетті ұйым өзіне тиесілі соңғы айырбастау пунктінің тіркеу куәлігі қайтарып алынған күннен бастап үш ай ішінде жаңа айырбастау пунктін ашпаған жағдайда, Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны қайтарып алады.";

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Уәкілетті ұйым Ұлттық Банктің филиалы қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап жеті күннің ішінде Ұлттық Банктің филиалына лицензиялардың және оған тиесілі айырбастау пункттерінің тіркеу куәліктерінің түпнұсқаларын қайтарады.

Ұлттық Банк филиалының қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыруға берілген лицензияны қайтарып алу туралы шешімін Ұлттық Банктің филиалы облыстық газетте мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялайды.";

Нұсқаулықтың 8-қосымшасындағы "199\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ Сатып алған және сатқан шетел валютасының тізілімі" кестесінде: атауындағы "199\_\_" деген сандар "200\_\_" деген сандармен ауыстырылсын; сегізінші баған алынып тасталсын;

ескертудегі "\*\*\* - егер алымды ұстап қалу заңдарда көзделсе толтырылады" деген сөздер алынып тасталсын;

Нұсқаулықтың 11-қосымшасындағы "199\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_\_ Айырбастау пунктінің шетел валютасын сатып алуы, сатуы және түскен түсімі

туралы күн сайынғы есебі" кестесінде:  
атауындағы "199\_\_" деген сандар "200\_\_" деген сандармен ауыстырылсын;  
бесінші бағанда "ресми" деген сөз "рыноктық" деген сөзбен ауыстырылсын;  
Нұсқаулықтың 12-қосымшасы алынып тасталсын;

Нұсқаулықтың 13-қосымшасында:

2 - т а р м а қ т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Мемлекеттік тізілімде тіркелген банктік компьютерлік жүйе (банктік компьютерлік жүйенің бір бөлігі) болып табылуға тиіс;"

5) - 8) тармақшалар алынып тасталсын;

6-тармақтағы "осы Нұсқаулықтың 65-тармағының талаптарына сәйкес уәкілетті банктің тарапынан" деген сөздер "уәкілетті банктің (оның филиалының) басшысы мен бас бухгалтерінің немесе басшының бұйрығымен осындай өкілеттіктер берілген лауазымды адам" деген сөздермен ауыстырылсын;

Нұсқаулықтың 14-қосымшасының "Журналдың ішкі парағы" кестесінің үшінші бағанында "ресми" деген сөз "рыноктық" деген сөзбен ауыстырылсын;

2. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу ш а р а л а р ы н қ а б ы л д а с ы н ;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

3. Нұсқаулықтың 7-1-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін айырбастау пункттері бар уәкілетті банктер, уәкілетті кредиттік серіктестіктер, почта байланысының уәкілетті ұйымы осы қаулы күшіне енгізілген күннен бастап алты ай ішінде оларды көрсетілген талаптарға сәйкес келтіруді қамтамасыз етеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Г.З. Айманбетоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Ұ л т т ы қ Б а н к

*Төрағасы*